

Кәсіби іс-әрекетке даярлық пәнаралық зерттеулердің нысаны ретінде

Аңдатпа. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру және жинақтау мақсаты болып табылатын әлемдік білім беру жүйелерін жаңғыртудың негізгі бағыттарының бірі білім сапасын бағалаудың тиісті құралдарын жасау, мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлау маңызды болып табылады. Ұлттық білім беру жүйелері кез келген мемлекеттің сарқылмас интеллектуалдық және рухани ресурсы екенін түсіне отырып, халықаралық стандарттарға сай болуға ұмтылады, адами капиталдың (білім, кәсіпқойлық, адам мәдениеті және т.б.) сапасын арттыруға дайындығын көрсетеді. Ол үшін озық тәжірибеге ден қоя отырып, мамандардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қазіргі қоғам талабына сай болуын қамтамасыз етіп, пәнаралық сабақтастық үдерісін жетілдіру қажет. Бұл ретте ЖОО-да әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау, маманның кәсіби құзреттілігіне қойылатын талаптарға сай кәсіби іс-әрекетті орындауға мүмкіндік беретін арнайы білім, білік, дағдыны меңгеру, әлеуметтік сана мен мінез-құлықты қалыптастыруда пәнаралық зерттеулердің орны мен рөлі айрықша болып табылады. Мақалада аталған мәселелер жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: кәсіби іс-әрекет, кәсіп, даярлық, іс-әрекет, әлеуметтік педагог.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-113-124>

Кіріспе.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға негізделген білім беру мен ғылым саласын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жалпы білім беру жүйесін жақсарту үшін ең бастысы педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту мәселесіне орасан зор көңіл бөлінген [1]. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақалада ұлттық сана, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы сынды бірқатар мәселелер қарастырылған. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әр адам терең түсінуі

керек.... Құндылықтар жүйесінде білімді барлығынан жоғары қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген [2]. Олай болса болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы да осыған сай болуы керек. Себебі, қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңарулар әлеуметтік педагог мамандарды даярлаудың бүгінгі, келешегі жайлы жаңа идеяларымен сабақтаса отырып жұмыс жасауға негіз болуы керек.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [3,4] «жеке тұлғаның рухани және зияткерлік мүмкіндіктерін ашу, әрбір тұлғаның шығармашылық әлеуетін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау арқылы ғылыми білімнің берік негіздерін қалыптастыру» мін-

деті қойылған. Аталмыш міндеттерді жүзеге асыруға ықпал ететін факторлардың бірі болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын арттыру болып табылады. Бұл ретте біздің зерттеу тақырыбымыз өзекті, қоғам сұранысына сай жан жақты жетілген, жоғары білікті, сапалы, әлеуметтік мәселелер мен міндеттерді шеше алатын, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің, ғылым мен өнердің, мәдениеттің сан алуан саласында белсенді еңбек ете алатын әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау қажеттілігі туындап отыр. Аталмыш ауқымды міндеттерді шешу үшін кәсіби іс-әрекетке даяр болашақ әлеуметтік педагог мамандарды дайындау, әрі оның сапасын жоғарылатумен тікелей байланысты.

Қоғамдық-саяси және экономикалық мәселелерді шешу үшін жоғары білікті мамандар талап етілетін қазіргі жағдайда әлеуметтік-педагогикалық сала үшін кадрларды даярлау мәселесі ерекше маңызға ие. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көріп қана қоймай, оны шеше алатын білікті мамандар қажет екендігі қазіргі заманда сұранысқа ие, соның ішінде әлеуметтік педагог мамандарының орны ерекше. Әлеуметтік тапсырысты нақты білімнің көлемі мен толықтығына негізделген маманның кең ақпараттық моделі тұрғысынан емес, ең алдымен субъектінің тұлғалық және кәсіби сипатқа ие болуын қарастыру керек, атап айтқанда білімін үнемі толықтырып отыруы, кәсіби сипатқа ие әртүрлі міндеттерді қоя білуі мен шешуі, балама шешімдерді алға қою және тиімді жұмыс технологиясын әзірлеу болашақ әлеуметтік педагогтардың басты көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Қазіргі заманда әлеуметтік-экономикалық жағдай сұранысына сай әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында жоғары білікті мамандарды дайындау қажеттілігін өзекті болуда. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл әлеуметтік-педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде маманның қабілеттерін дамыту жолдарын және кәсіби үлгілерін жаңарту мәселесінің өзектілігінен туындаса, ал практикалық тұрғыдан алғанда, бұл әлеуметтік педагогтарды даярлауға ықпал ететін тиімді оқыту жүйесін құрумен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда еліміздегі ұлттық білім берудің өзіндік жүйесі мен оның сапасын қамтамасыз ететін заманауи үдерістерді ескере отырып маманның кәсіби іс-әрекетке даярлықтарын қалыптастыру, әрі пәнаралық сабақтастық өзекті болып табылуда. Психолого-педагогикалық әдебиеттерде тұлғаның іс-әрекетке даяр болу феномені туралы теориялық және тәжірибелік материалдар жинақталған.

Мақсаты мен міндеттері.

Кәсіби іс-әрекетке даярлықты пәнаралық зерттеулердің нысаны ретінде қарастыру.

Тарихы.

Болашақ маманды кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыруда тұлға психологиясы (Абульханова-Славская К.А., Ананьев Б.Г., Анцыферова Л.И, В.Г. Асеев Л.И, Брушлинский А.В., Ломов Б.Ф., Рубинштейн С.Л. және т.б.), даму психологиясы (Анцыферова Л.И., Божович Л.И., В.С.Мерлин Л.И., Обухова К.Н., Петровский А.В. және т.б.), еңбек психологиясы (Борисова Е.М., Голубев Г.Г., Климов Е.А., Платонов К.К. және т.б.), акмеология (Бодалев А.А., Деркач А.А., Зазыкин В.Г., Кузьмина Н.В., Маркова А.К., Ситников А.П. және т.б.), әлеуметтік психология (Базаров Т.Ю, Донцов А.И, Жуков Ю.М, Жукова Р.И, Петровская Л.А. Синягин Ю.В, Сухов А.Н. және т.б.), педагогика (Басов Н.Ф. Андреева И.Н, Сластенин В.А.) салаларындағы ғалымдардың еңбектерін айрықша атап өтуге болады [5,6,7,8]. Аталған ғалымдар болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке даярлығы түсінігін тұжырымдамалап, оның мазмұнын, құрылымын, негізгі өлшемдерін, оның динамикасын зерттеген. Кәсіби іс-әрекетке даярлық іс-әрекетті туындататын тұлғаның белсенді күйі, іс-әрекеттің себеп-салдары, кәсіби жағдаяттарға негізделген сапа, мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғышарты ретінде қарастырылады.

Мамандардың жалпы және кәсіптік даярлығы, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мәселелерін зерттеген В.И.Андреева, Ю.К.

Бабанский, Б.Г.Лихачев, П.М. Роговой, В.П. Симонова, В.А.Сластёнин сынды жетекші педагогтардың зерттеулерінде жан-жақты талқыланған.

Әлеуметтік педагогтың тұлғасы мен кәсіби құзыреттілігіне қойылатын негізгі талаптарды К.В.Бакланова, В.Г.Бочарова, Ю.В.Василькова, М.А.Галагузова, О.В.Госсе, М.В.Ефимова, Т.Г.Киселёва, Г.А.Кудрявцева, Р.М.Куличенко, Л.В.Мардахаев, Г.В.Мухаметзянова, Т.В.Пушкарёва, Н.Б.Шмелёва және т.б. ғалымдар қарастырған.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби сапаларының психологиялық-педагогикалық мәселелерін Е.М.Борисова, В.Е.Гавтрилова, А.А.Деркач, Ю.Н.Кулюткина, Н.В.Кузьмина, Е.А.Климова, А.Н. Леонтьев, А.А.Реан, О.Б.Сосновской, Н.Ф.Талызина зерттеген.

Педагог іс-әрекетіне қатысты кәсіби модельді құру мәселесін А.К.Макарова, А.В.Маркова, Л.М.Митина, В.А.Кан-Калик, Е.А.Климов, Т.И.Руднева қарастырса, әлеуметтік педагогтардың әртүрлі әлеуметтік салалардағы қызметін зерттеуді Е.Б.Балыдина, З.М.Гилязова, Е.Д.Емелина, З.Я. Капустина, А.Г.Фомина, Л.Д. Мариничева, Л.Л.Султанова өз еңбектерінде қарастырған.

Ал, Қазақстандық білім және ғылым саласында әртүрлі саладағы мамандарды кәсіби даярлау мәселелерін А.Б.Бекманова, Б. Құрманалина, С. Жолдасбекова, Г.Ж. Меңлібекова, Р.И. Бурганова, Л.В. Никитенкова, Н.Н Хан, Ш.Н. Абенова, М.И. Есенова, М.И. Мұқашева, Г.К. Құлжанбекова және т.б. ғалымдар зерттеген [9, 10, 11].

Н.Д.Хмель тұтас педагогикалық үдеріс тұжырымдамасына сүйене отырып «мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесін» зерттеген [12].

Болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындау мәселелеріне отандық ғалымдар да зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Мәселен, профессор Г.Ж.Меңлібекова [13] еңбегінде «болашақ мұғалімдерді әлеуметтік педагогикалық жұмысқа дайындаудың жүйесін құруда теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастырып, даярлығын қалыптастырудың құрама бөліктері мен жағдайларын интеграцияланған жеке тұлғалық білім беру ретінде анықтаған.

Алайда, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы, оның арнайы еңбек саласындағы жұмысының күрделілігі, мазмұны қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Зерттеу әдістері.

Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық және салыстырмалы әдіснамалық талдау.

Нәтижелер.

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алғаннан бері әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс мәселелері жеке ғылыми бағытқа айналды, осы саладағы мамандарға деген қажеттілік артып келеді. 1999 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептерде әлеуметтік-педагогикалық білім беруді енгізу басталды. Осы кезеңде Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік педагогтарға деген сұраныс өте жоғары болды, оларды жоғары оқу орындарында даярлау жүйесі қалыптасып, басқа ғылымдар арасынан өзіндік орынға ие. Осыған байланысты қазақстандық ғалымдардың іргелі зерттеулерінде болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-педагогикалық еңбекке дайындығын қалыптастыру қажеттігі негізделіп, болашақ мамандарды осы қызмет түріне дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері әзірленді, педагогтардың әлеуметтік-педагогикалық жұмысына жан-жақты сипаттама беріліп, әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мәні мен құрылымы, кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы пәнаралық сабақтастығы да қарастырылды. Әлеуметтік педагогтар институтын енгізу және олардың кәсіби даярлығын ұйымдастыру Ресейдегі білім беру жүйесін реформалаумен тұспа-тұс келді, ол іс жүзінде 1980 жылдардың ортасында қоғамды ізгілендіру мен демократияландыруға бағытталған реформалық қайта құрулар кезеңінде басталды. Осы кезден бастап Ресей білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеп, талдай отырып, әлемдік білім кеңістігіне өз

алдына басқа мамандықтар арасынан жеке мамандық ретінде таныла бастады. Осы кезден бастап әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығы, оның пәнаралық зерттеулердегі сабақтастығы жан-жақты қарастырыла бастады [14].

«Кәсіби іс-әрекетке даярлық» «кәсіби құзыреттілік» ұғымымен сәйкес қарастырған Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.В. Краевский, И.Л. Лернер, А.К. Маркова, Г.К. Селевко, В.А. Слостенин, Ю.Т. Русаков, Л.Г. Семушин, О.В. Царькова, Г.П. Щедровицкий [15,16].

Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетке даярлық мәселесін қарастырмас бұрын «даярлық» сөзінің мәнін ашып алайық.

Бірқатар психологиялық әдебиеттерде «даярлық» түсінігін әртүрлі қырынан қарастырғандығын көруге болады. Олардың қатарында Л.А. Левитов, Н.В. Мясичев, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович. сынды ғалымдардың пікірлерін қарастырдық [17].

Н.В. Мясичев пен Н.Д. Левитов зерттеулерінде «даярлықты» – белгілі бір еңбекке адамның жарамдылығы не болмаса жарамсыздығы, жұмысқа қабілеттілігі не қабілетсіздігі деп қарастырады. М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович болса «даярлықтың маңызды көрсеткіші тұлғаның мотивациялық аймағымен» байланысты екенін айтады. Авторлар эмоционалды-еріктік және мазмұндық операциялық компоненттерді даярлықтың аспектілері ретінде жеке бөліп көрсетеді. Авторлар даярлық құрылымын келесідей ретте бөліп көрсетеді:

- Белгілі бір іс-әрекетке, мамандыққа деген оң көзқарас.
- Мінез-құлық, темпераменттің іс-әрекет пен кәсіптік талаптарға мотивацияның сәйкес келуі.
- Болашақ кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдылары.
- Қабылдау, зейін, ойлау және эмоционалды-ерек аймағы.
- Тұлғаның тұрақты кәсіби-маңызды ерекшеліктері [18].

Бұдан басқа Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, В.В. Краевский сынды ғалымдар даярлықтың 4 тобын ажыратып көрсетеді:

1. Мотивациялық – іс-әрекетті орындаудағы жауапкершілік.

2. Операциялық – қажетті білім, білік, дағдыларды, әрі іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгеру.

3. Еріктік – өзін-өзі басқару және бақылау.

4. Бағалау – өз даярлығын кәсіби мәндеттерді шешуге сәйкес бағалай алуы [16. 16 бет].

Б.Г. Аминов, В.Ф. Кочуров болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың психологиялық астарын зерттеген, олардың пайымдауы бойынша күйзеліске деген шыдамдылық, сабырлық, эмоционалды қасиеттер педагогтардың ең басты сапалары деген пікірге келеді.

С.Б. Борисенко мен Т.П. Гаврилова педагогикалық іс-әрекеттің тиміділігі эмпатиялық қасиетке ие болуына байланысты дейді.

Қазақстандағы психология ғылымының дамуына үлес қосқан ғалымдар Т.Тәжібаев, М.Мұқанов, Қ.Жарықбаев тұлғаның іс-әрекетке даярлығын оның ұлттық психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін дамыту тұрғысынан қарастырып жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың қажеттілігін айтады. «Бірлескен-диалогтық іс-әрекет» тұжырымдамасының авторы С.М. Жақыповтың еңбегінде «болашақ педагог мамандарды даярлауда бірлескен-диалогтық іс-әрекеттің маңызы зор екенін айтады. Автордың пайымдауы бойынша «тұлғаны тек тұлға ғана қалыптастырады, соның негізінде адамның тұлғалық қасиеттері өзгереді» - дейді [19].

Жоғарыда аталған еңбектерден көргеніміздей, психология саласында кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға деген даярлықта мамандыққа қойылатын талапты ескере отырып тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Л.П. Буева, Е.Э. Смирнова сынды әлеуметтанушылар «даярлықты» тұлғаның әлеуметтік ұстанымы мен құндылық бағдары тұрғысында зерттейді. Ғалымдардың пайымдауынша «даярлық – адамның білім мен білігін қоғамдық жұмысты жүзеге асыруға арнауы» деген ойды ұсынады.

Ал, педагогика саласында, педагогикалық әрекетке деген даярлық аспектісін зертте-



Сурет 1. Болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы пәнаралық сабақтастық

ген Н.В.Кузьмин, әлеуметтік-педагогикалық әрекетке деген даярлық мәселесін В.Ш.Масленикова, кәсіби іс-әрекетке даярлықты мұғалімнің меңгеруіне тиесіл жалпы педагогикалық біліктер жиынтығы ретінде В.А.Сластенин қарастырған жөн деген пікірді айтады [20].

Сонымен, кәсіби іс-әрекетке даярлық құрылымы қатарына:

- Психологиялық даярлық – бағыттылық ұстанымы.
- Ғылыми-теориялық даярлық – кәсіби білімдер жүйесінің жиынтығы.
- Тәжірибелік даярлық– жалпы педагогикалық біліктер жүйесі.
- Психофизиологиялық даярлық- нышандар мен қабілеттер.
- Физикалық даярлық – денсаулық жағдайы мен кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға деген қабілеттілігі жатады.

«Педагогикалық әрекетке даяр болу» мәселесін Л.М.Осиновская 4 компонент арқылы қарастыру қажет дейді:

1. Тұлғалық даярлық - маманның өзіндік өмірлік бейнесін түсінуі, таңдаған өмір жолына сай нақты бағдарлама құруы, оқу-тәрбие үдерісі барысындағы туындаған жағдаяттарды шеше алуы.

2. Апперцептивті-аксиологиялық –өзін қоршаған әлемнің құндылық мәнін анықтай алуы.

3. Когнитивтік-психолого-педагогикалық білім мен білік жүйесінегізінде құрылған теориялық даярлықтың болуы.

4. Ұйымдастырушылық-маманның білім алушыларды белсенді әрекетке шақыра білу білігінің болуы [20. 77 бет].

Жоғарыда аталған ғалымдардың тың ой-пікірлері маманның кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруда негізге алатын басты идеялар деп айта аламыз.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаты – қоғамның, отбасының, әрбір жеке адамның әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-педагогикалық қызметтерін белсендіру. Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің нысаналары қоғамда болып жатқан әртүрлі құбылыстар мен үдерістер болып табылады. Ал ол пәнаралық сабақтастық негізінде жүзеге асырылады. Оларға әртүрлі ауқымдағы әлеуметтік жүйелер мен олардың ішкі жүйелерін жатқызуға болды: әлеуметтік-педагогикалық үдерістер және олардың жеке құрамдас бөліктері; әлеуметтік және білім беру ортасы; әлеуметтік-педагогикалық қатынастар жүйесі; әлеуметтік-тәрбиелік қызмет түрлері; жеке және тұлғааралық құрылымдар; кәсіби лауазым; әлеуметтік педагогикалық жағдайлар. Сонымен қатар студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетке әлеуметтік, педагогикалық, пәнаралық дағдыларды дамытуды талап етуде. Бұл ретте ю-

лашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы пәнаралық сабақтастықты төмендегі 1-ші суреттен көруге болады.

1-ші суреттен көріп отырғанымыздай, болашақ әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда педагогика, психология, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтану, құқық саласы өзара тығыз байланысты. Өйткені, әлеуметтік педагог әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс, мектепке дейінгі педагогика және психология, педагогика және психология, мектепке дейінгі тәрбиенің педагогикасы мен әдістемесі, бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі, әлеуметтік саладағы менеджмент сияқты әлеуметтік-педагогикалық қызметке бағытталған мамандықтармен сабақтаса, бірге қызмет етеді.


Бірқатар ғалымдар М.А.Галагузова, Ю.Н. Галагузова, Е.Я.Тищенко, Г.Н.Штинова [21] еңбектерінде әлеуметтік педагог жалпы білім беретін мектептер мен мекемелерде балаларды әлеуметтік қорғау, әлеуметтік бейімделу, мінез-құлқын түзету, дамыту бағытында жұмыстарды жүзеге асыратындығын атап көрсеткен.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби қызметі балалар мен жасөспірімдерді қоршаған белгілі бір микроқоғамда тәрбиелеу үдерісіне, олар-

дың табысты бейімделуіне, даралануына және оған оңтайлы бейімделуіне бағытталған. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нысанасы ең алдымен, микроәлеуметтік әлемдегі бала, ал субъектісі - әлеуметтік тәрбие үдерісі болып табылады. Бұл ретте әлеуметтік педагог кәсіби іс-әрекеті барысында түрлі қарым-қатынас ортасын құрумен ерешелетіндігін атап өтуге болады (Сурет 2).

Әлеуметтік тәрбие адамның өз өмірін өзі ұйымдастыруына ықпал ететін жүйе ретінде әртүрлі кеңістіктік-уақыттық компоненттерді қамтиды. Кеңістік, тіршілік ету ортасы және тұлғаның жеке басының қалыптасуы мен дамуында әлеуметтік педагог қарым-қатынас жасауда түрлі ортамен байланысқа түседі (сурет 2), әрі олар төмендегідей бөліктерге бөлінеді:

- отбасы және тұрмыстық орта (үй, жанұя және маңайдағы қауымдастық);
- мәдени-ағарту және мектеп ортасы (мектеп, мектептен тыс мекемелер);
- құндылық-коммуникациялық орта (референтті топ);
- ақпараттық-бағалау ортасы (БАҚ);
- шығармашылық өзін-өзі көрсету ортасы (өндірістік ұжымдар, үйірмелер, шығармашылық әрекет)



Сурет 2. Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру барысындағы қарым-қатынас жасау ортасы

- қарым-қатынас жасаудағы әлеуметтік орта (білім алушылардың достары, сыныптастары).

Әлеуметтік педагог белгілі бір тәрбиеленушілер контингентімен жұмыс жасайды, олардың қатарына:

- әлеуметтік бағдарланған орта (дарынды, әлеуметтік бағдарланған және әлеуметтік жауапты);

- әлеуметтік жағынан қорғалмаған (жетім балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасылар);

- әлеуметтік қорғалғандар (асырап алынған балалар, патронаттық отбасы);

- әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар («қиын балалар», кәмелетке толмаған құқық бұзушылар, көшедегі балалар).

Әлеуметтік қайта құру жағдайында білім беру жүйесінде парадигмалық өзгерістер орын алуда, әр деңгейде саяси, экономикалық және әлеуметтік қатынастарды ескере отырып, әлеуметтік тапсырысты орындауы қажет көп деңгейлі оқытуға көшу арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты қазіргі заман талабына сай әлеуметтік педагогтарды даярлауға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық білім берудің әрбір деңгейінің құрылымы мен мазмұнын, пәнаралық байланысын негіздеу өзекті. Мұны біріншіден, «әлеуметтік педагог» қазақстандық болмыс пен білім беру жүйесі үшін жаңа мамандық болса, екіншіден, үш деңгейлі оқыту кадрлардың нақты мазмұны мен ерекшеліктерінің не екенін анықтауды міндеттеуімен түсіндіруге болады. Осы және басқа да сұрақтарға ғылыми негізделген жауаптар аса маңызды, қоғам мен білімнің қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік педагог қызметінің рөлі мен маңызы еселеп артты.

Қазақстанда жыл сайын саны артып келе жатқан тәуекел тобына жататын балалармен және осы санаттағы балалардың ата-аналарымен, сайып келгенде мұғалімдермен жүргізетін профилактикалық және сауықтыру іс-шараларын ұйымдастырушы болып табылады.

Әлеуметтік педагогтар маман ретінде психологтармен, педагогтар мен психологтар, дәрігерлермен бірлесіп, психологиялық-педа-

гогикалық қызметтің қалыптасуы мен тұрақты дамуын, Қазақстан Республиканың білім беру ұйымдарында көрсетілетін әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің деңгейін арттыруды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл ретте әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру барысында әлеуметтану, педагогика, психология, әлеуметтік қызметтер салаларының пәнаралық байланысы тығыз болып табылады.

Ресейлік ғалым Ю.Н.Галагузова кәсіптік оқыту арнайы білім, білік және дағдының тиісті жиынтығын меңгеру арқылы жүзеге асырылатын белгілі бір кәсіби іс-әрекетке деген даярлықты қалыптастыру үдерісі мен нәтижесі деп қарастырады [21, 57 бет].

Қазақстандық зерттеуші А.С.Мағауова әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығының табысты болуының ең маңызды шарты әртүрлі тәжірибе түрлерін ұйымдастыру екенін алға тарады. «Әлеуметтік педагог» мамандығының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сілтеме жасай отырып, ғалымның пікірінше, практикалық дағдыларды меңгеру барысында оның оқыту тиімділігі теория мен тәжірибенің пәнаралық интеграциясына тәуелділігін қарастырады, бұл ретте:

- теориялық білімдерді тереңдету және жетілдіру, олардың тәжірибелік қызметпен байланысын орнату;

- азаматтардың әртүрлі санаттарына әлеуметтік қолдау көрсететін әлеуметтік қызметтердің, мекемелердің, көмек көрсету ұйымдарының негізгі түрлерімен танысу;

- әлеуметтік қорғауды қажет ететін азаматтардың санаттарымен (жұмыссыздар, аз қамтылғандар, мүгедектер және т.б.) танысу;

- әлеуметтік қызметкердің функцияларын жүзеге асырумен байланысты кәсіби дағдылардың мазмұнымен танысу;

- клиенттермен жеке, топтық жұмыс жасаудағы инновациялық технологияларды меңгеру;

- болашақ маманның кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру;

- әлеуметтік мәселелерді шешуде зерттеушілік және талдау дағдыларын дамыту дейді.

А.С.Мағауованың пікірінше Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік білім беру жүйесінде әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау кезінде келесідей жағдайларды ескеру қажеттігін атап көрсетеді:

- педагогикалық қызметтің осы саласында студенттердің қажетті құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған білім берудің құзыреттілік үлгісін;

- жалпы адамзаттық құндылықтарға: жоғары адамгершілікке, мейірімділікке, ізгілікке, әлеуметтік әділеттілікке, қорғауды қажет ететін адамдарға деген сүйіспеншілік пен құрметке бағытталған «тұлға-тұлға» қарым-қатынасы саласындағы әлеуметтік педагог қызметінің ерекшеліктерін;

- модульдік білім беру бағдарламаларын жобалау негізінде әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлауды жүзеге асыру;

- әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тәжірибелік-бағдарлы және құзыреттілікке бағытталған білім беру парадигмасы контекстінде өз қызметін жүзеге асыруға деген дайындығын қалыптастыруды ескеру [22].

Қазақстанда әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлау «Педагог» кәсіби стандартын ескере отырып жүзеге асырылады. Әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға ерекше назар аударылады, студенттердің саналы кәсіби мотивациясын, «әлеуметтік педагог» мамандығына деген қызығушылығын, құндылық бағдарлар жүйесінің болуын ескеруді талап етеді; әлеуметтік философия, аксиология, онтология, гносеология, праксеология саласындағы білім; өзінің тәжірибелік іс-әрекетіне рефлексия жасай білу, әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастық үдерісінде туындайтын қарама-қайшылықтарды анықтау, білім, қарым-қатынас және белсенділік субъектісі ретінде тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған міндеттерді шешуде шығармашылық қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Сондай-ақ әлеуметтік-бағдарланған қызметте инновациялық технологияларды қолдану тәсілін үздіксіз жаңғырту қажеттігі артуда

Болашақ мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда басқа да ғылым саласында қолданылатын қағидалар негізге алынды. Атап айтқанда:

Іргелі қағидасы- маманды дайындауда әлеуметтік-философиялық, жалпы кәсіби және арнайы білімдердің тұтастығын, тереңдігін және өзара енуін қамтамасыз ету. Іргелі білімнің жоғары жалпы мәдени деңгейін, кадрлардың теориялық және тәжірибелік дайындығының органикалық үйлесімін қамтамасыз етеді және оның тар кәсіптік бағдарын жеңуге мүмкіндік береді.

Әмбебаптық және баламалылық қағидасы бойынша қоғамның мамандарға деген белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыру және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтардың толық спектрін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Үздіксіздік қағидасы білім берудің әртүрлі деңгейлер мен түрлі типтегі оқу орындары арқылы жүзеге асырылады.

Болжамдық қағида белгілі бір аймақтың мамандарға деген сұранысын болжау және нақты мәселелерді шешу үшін болашаққа мамандарды көп қырлы, жан-жақты етіп дайындауды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда аталған қағидаларға негізделген білім беру жүйесі адамға әртүрлі мамандықтар спектрінде бағдарлануға, белгілі бір уақытта қол жетімді және оның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес келетін білім алуға, егер бастапқы таңдау сәтті болмаса, білім профилін өзгертуге көмектеседі, әрі маманның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін және кәсіби мансабын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі таңда қалыптаса бастаған әлеуметтік-педагогикалық кадрларды даярлау жүйесі де үздіксіз білім беру тұжырымдамасына сәйкес пәнаралық сабақтастықта дамып келеді. Бұл жүйедегі алғашқы қадам – әлі де кең көлемде қабылданып, мойындалмаған әлеуметтік педагогтарды кәсіби дайындықтан өткізу, әрі басқа салалармен байланысын орнатуға негізделеді. Соған қарамастан, жалпы білім беретін мектепте әлеуметтік педагогқа жаңа және болашағы зор мамандық ретінде бағыт-бағдар

беру жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай болашақ әлеуметтік педагогтарды оқыту жүйесін құру көптеген ұйымдастырушылық және ғылыми-әдістемелік мәселелерді шешуді талап етеді, ол бүгінгі таңда өзгерген жағдайларға байланысты жаңа байыпты, тұжырымдамалық, концептуальдық (әдістемелік, теориялық) әзірлемелерді талап етеді.

Қорытынды.

Әлеуметтік педагогтарды кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы пәнаралық байланыс тығыз, ол жоғарыда атап өткеніміздей барлық ғылым салаларымен сабақтаса отырып жүзеге асырылады. Пәнаралық зерттеулердегі маманның тұлғалық кәсіби, қарым-қатынас, педагогикалық тұрғыда қаруланған маман ретінде қалыптасу мәселесін зерттеген ғалымдардың

еңбектері маңызды болып табылатындығына көзіміз жетті.

Қазіргі қоғам жағдайында кәсіпті меңгеру және өзінің кәсіби міндеттерін атқара білу жеткіліксіз, өйткені қоғамның қазіргі талаптарына сай болуы үшін болашақ маманның кәсіби іс-әрекетке даярлығының жоғары деңгейін, білімін жақсарту үшін өзінің білім мен мәдени деңгейін, кәсіби қызметті атқаруға деген құлшынысын үнемі жетілдіріп отыруға ұмтылуды талап етеді, ал бұл ретте пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек. Қорытындылай келе, болашақ әлеуметтік педагог мамандарды кәсіби іс-әрекетке даярлауда пәнаралық зерттеулерді жүзеге асыру мен оның байланысын күшейте түсу, кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудың тиімділігін арттыра түсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралған күні: 20.01.2022).
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 2017 жылғы 12 сәуір. // Туған тіл. -2017. №2 (31). -4-20 б.
3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2020.07.07.берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319> (қаралған күні: 20.01.2022).
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Халқына жолдауы. 05 қазан. 2018 ж. - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K18002018_1(қаралған күні: 23.01.2022).
5. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. -М.: Наука. -1980. – 335 с.
6. Басов Н.Ф. Социальный педагог: введение в профессию. / Н.Ф. Басов, В.М. Басова, А.Н. Кравченко. -М.: Издательский центр «Академия». - 2006. – 245 с.
7. Андреева И.Н. Очерки истории социальной помощи в России (IX- начало XX века). -М.: МПГУ. -1996. -71с.
8. Слостенин В.А., Подымова Л.И. Педагогика: инновационная деятельность. -М.: ИЧП «Изд-во Магистр». -1997. -223с.
9. Курманалина Ш. Повышение квалификации преподавателей по новой педагогической технологии – путь к формированию профессиональной компетентности специалиста // Высшая школа Казахстана. – 2001. - №3. – С. 65- 71.
10. Бурганова Р.И. Научные основы подготовки социальных педагогов к работе со студенческой молодежью в сфере досуга: дис. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2001. – 168 с.
11. Менлибекова Г.Ж. Компетентностный подход в социальном образовании: теория и практика // Доклады Казахской академии образования. -2012. №3-4. – С. 23-28.
12. Хмель Н.Д. Теоретическое основы профессиональной подготовки учителя. Автореф. канд. дис. - Киев, 1986. -33 с.

13. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе: дис. ... д-ра пед. наук.- Алматы, 2002. – 291 с.
14. Куличенко Р.М. Профессиональное становление и развитие института социальных педагогов в России. Автореф. дис. д-ра пед. наук: 13.00.08. - М.: Институт педагогики социальной работы, 1998. – 39 с.
15. Зеер Э., Сыманюк Э. Компетентностный подход в модернизации профессионального образования // Высшее образование в России. - 2005. № 4. – С.23-30.
16. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании // Ректор вуза. - 2005. - №6. –С.13-29.
17. Сластенин В.А. Социальный педагог и социальный работник: личность и профессия. // Теория и практика социальной работы. В 2-х т. Т.2.- М.; Тула. – 1993. –208 с.
18. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологические проблемы готовности к деятельности. - Минск: БГУ. - 2006. – 276 с.
19. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. Алматы. - 2007. – 230 б.
20. Ертарғынқызы Д. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – болашақ әлеуметтік педагогтердің кәсіби идеалының қалыптасуының негізі // Қазақстан педагогика ғылымдары академиясының Хабаршысы. -2015. №6. -74-79 б.
21. Галагузова М.А., Галагузова Ю.Н., Штинова Г.Н., Тищенко Е.Я., Дьяконов Б.П. Социальная педагогика. Курс лекций. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под общ. ред. М.А. Галагузовой. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС. -2003. - 416 с.
22. Магауова А.С. Компетентностная парадигма подготовки социальных педагогов. // Центр инновационных технологий и социальной экспертизы (ЦИТИСЭ). - 2019. - №1(18). – 219 с.

A.S. Orynbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Preparation for professional activity as an object of interdisciplinary research

Abstract. At the present stage of society's development, one of the main directions of modernization of the world's educational systems, the purpose of which is the formation and accumulation of competitive human capital, the creation of appropriate tools for assessing the quality of education, training specialists for professional activity. National education systems, realizing that any state is an inexhaustible intellectual and spiritual resource, strive to meet international standards, demonstrate readiness to improve the quality of human capital (education, professionalism, human culture, etc.). To do this, it is necessary to improve the process of interdisciplinary succession, focusing on best practices, ensuring the readiness of specialists for professional activity in accordance with the requirements of modern society. At the same time, there is a special place and role of interdisciplinary research in the preparation of social educators for professional activity at the university, mastering special knowledge, skills, skills that allow performing professional activities in accordance with the requirements for the professional competence of a specialist, in the formation of social consciousness and behavior. The article analyzes the listed problems in detail.

Keywords: professional activity, profession, training, activity, social pedagogue.

А.С. Орынбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Подготовка к профессиональной деятельности как объект междисциплинарных исследований

Аннотация. На современном этапе развития общества одно из основных направлений - модернизация мировых образовательных систем, целями которой являются формирование и накопление конкурентоспособного человеческого капитала, создание соответствующих инструментов оценки качества

образования, подготовка специалистов к профессиональной деятельности. Национальные системы образования, понимая, что любое государство является неиссякаемым интеллектуальным и духовным ресурсом, стремятся соответствовать международным стандартам, демонстрируют готовность к повышению качества человеческого капитала (образование, профессионализм, человеческая культура и др.). Для этого необходимо совершенствовать процесс междисциплинарной преемственности, ориентируясь на передовой опыт, обеспечивая готовность специалистов к профессиональной деятельности в соответствии с требованиями современного общества. При этом особую роль играют подготовка социальных педагогов к профессиональной деятельности в вузе, овладение специальными знаниями, умениями, навыками, позволяющими выполнять профессиональную деятельность в соответствии с требованиями, предъявляемыми к профессиональной компетентности специалиста, междисциплинарные исследования формирования социального сознания и поведения. В статье подробно анализируются перечисленные проблемы.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, профессия, подготовка, деятельность, социальный педагог.

References

1. Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy [State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Accessed: 20.01.2022).
2. Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru. 2017 zhylygy 12 sauir [A look into the future: modernization of public consciousness. April 12, 2017]. Tugan til [Native language], 2 (131), 4-20 (2017).
3. Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany (2020.07.07.berilgen ozgerister men tolyktyrularymen) [The Law of the Republic of Kazakhstan (with amendments and additions dated 07.07.2020)] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (Accessed: 20.01.2022).
4. Nazarbaev N.A. Kazakstandyktardyn al-aukatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru» Kazakstan Xalkyna zholdauy. 05 qazan. 2018 zh. [The growth of the welfare of kazakhstanis: increasing income and quality of life. Message of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan. October 5, 2018] - Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K18002018_1 (Accessed: 23.01.2022).
5. Abul Khanova-Slavskaya K.A. Dejatel'nost' i psihologija lichnosti [Activity and personality psychology] (Nauka, Moscow, 1980, 335 p.).
6. Basov N.F., Basova V.M., Kravchenko A.N. Social'nyj pedagog: vvedenie v professiyu [Social pedagog: an introduction to the profession] (Publishing center «Academy», Moscow, 2006, 245 p.).
7. Andreeva I.N. Ocherki istorii social'noj pomoshhi v Rossii (IX- nachalo XX veka) [Essays on the history of social assistance in Russia (IX- early XX century)] (MCPU, Moscow, 1996, 71 p.).
8. Slastenin V.A., Podymova L.I. Pedagogika: innovacionnaya deyatel'nost' [Pedagogy: innovative activity]. («Magister» Publishing House, Moscow, 1997, 223 p.).
9. Kurmanalina Sh. Povyshenie kvalifikacii prepodavatelej po novej pedagogicheskoj texnologii – put' k formirovaniyu professional'noj kompetentnosti specialista [Advanced training of teachers using a new pedagogical technology is the way to the formation of professional competence of a specialist], Vysshaya shkola Kazahstana [Higher School of Kazakhstan], 3, 65-71 (2001).
10. Burganova R.I. Nauchnye osnovy podgotovki socialnyx pedagogov k rabote so studentcheskoj molodezh'yu v sfere dosuga [Scientific foundations of training social educators to work with students in the field of leisure]. Dis. ... candidate of pedagogical sciences (Almaty, 2001, 168 p.).
11. Menlibekova G.Zh. Kompetentnostnyj podxod v social'nom obrazovanii: teoriya i praktika [Competence approach in social education: theory and practice], Doklady Kazaxskoj akademii obrazovaniya [Reports of the Kazakh Academy of Education], 3-4, 23-28 (2012).
12. Xmel N.D. Teoreticheskoe osnovy` professional'noj podgotovki uchitelya [Theoretical foundations of teacher training]. Abstract of the candidate's dis. (Kiev, 1986, 33 p.).
13. Menlibekova G.Zh. Sistema podgotovki budushhix uchitelej k social'no-pedagogicheskoj rabote [The system of training future teachers for social and pedagogical work]. Dis. ... doctor of pedagogical sciences (Almaty, 2002, 291 p.).

14. Kulichenko P.M. Professional'noe stanovlenie i razvitie instituta social'ny'x pedagogov v Rossii [Professional formation and development of the Institute of Social Educators in Russia]. Autoref. dis. Doctor of pedagogical Sciences:13.00.08 (Institute of Pedagogy of Social Work, Moscow, 1998, 39 p.).
15. Zeer E., Symanyuk E. Kompetentnostny'j podxod v modernizacii professional'nogo obrazovaniya [Competence-based approach in the modernization of vocational education], Vy'sshee obrazovanie v Rossii [Higher education in Russia], 4, 23-30 (2005).
16. Zimnyaya I.A. Klyuchevy'e kompetentnosti kak rezul'tativno-celevaya osnova kompetentnostnogo podxoda v obrazovanii [Key competencies as the effective-target basis of the competence approach in education], Rektor vuza [Rector of the university], 6, 13-29 (2005).
17. Slastenin V.A. Social'nyj pedagog i social'nyj rabotnik: lichnost' i professiya Social pedagogue and social worker: personality and profession, Teoriya i praktika social'noj raboty [Theory and practice of social work]. In 2 t. Vol. 2 (Moscow, Tula, 1993, 208 p.).
18. Dyachenko M.I., Kandybovich A.A. Psixologicheskie problemy gotovnosti k deyatel'nosti [Psychological problems of readiness for activity] (BSU, Minsk, 2006, 276 p.).
19. Zhakypov S.M. Zhalpy psihologiyaga kirispe [Introduction to General Psychology] (Almaty, 2007, 230 p.).
20. Ertargynkyzy D. Aleumettik-pedagogikalyk is-areket – bolashak aleumettik pedagogterdin kasibi idealynyn kalypasuynyn negizi [Socio-pedagogical activity is the basis for the formation of the professional ideal of future social educators], Kazakstan pedagogika gylymdary akademijasynyn Habarshysy [Bulletin of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan], 6, 74-79 (2015).
21. Galaguzova M.A., Galaguzova Yu.N., Shtinova G.N., Tishchenko E.Ya., Diakonov B.P. Social'naja pedagogika. Kurs lekcij [Social pedagogy. A course of lectures]. Textbook for students of higher educational institutions. Ed. M.A. Galaguzova («VLADOS». Humanitarian Publishing Center, Moscow, 2003, 416 p.).
22. Magauova A.S. Kompetentnostnaya paradigma podgotovki social'ny'x pedagogov [Competence-based paradigm of training social educators], Centr innovacionnyh tehnologij i social'noj jekspertizy (CITISE) [Center for Innovative Technologies and Social Expertise (CITISE)], 1(18), 219 (2019).

Автор туралы мәлімет:

Орынбекова А.С. – «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Орынбекова А.С. – Leading researcher of the Scientific Research Institute «Abai Academy», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.